

«Хромтау аудандық білім бөлімі» ММ
МКҚК «№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы»

«Келісілді»

Педагогикалық кеңес

№ 1

« 28 » 08 2025 жыл

«Бекітілді»

МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай»
бөбекжай-балабақшасының басшысының м.а:


С.С. Баймағамбетова

Бағдарлама «Қауіпсіздік әліппесі»

Хромтау қаласы, 2025 жыл

Құрастырған: Тлеумаганбетова Жумагуль Онаевна, МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай»
бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық кеңесі
отырысында талқыланды

Хаттама №

«28» 09 2025 жыл

Менгеруші:

С.С.Баймагамбетова
(тегі, аты, әкесінің аты)



Түсінік хат

Адам өмірі- қамшының сабындай ғана қысқа екен, досы көп,ұрпақ тәрбиелеген ұтады екен.

Адамзаттың ең ізгі қажеттіліктерінің бірі – тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің қамтамасыздығы.

Қауіпсіздік ережелерін оқытудың ең алғашқы қадамдары мектепке дейінгі оқу мекемелерінде жүзеге асырылады.

Қазіргі таңда кішкентай балаларды алдау-арбау арқылы,оларға тәтті ұсынып,сеніміне кіру арқылы балалардың өмірлеріне қауіп тудырып жатқан жағдайлар көптеп кездеседі.Осы мақсатты алға қойып– балаларды алуан түрлі ,әсіресе, кенеттен болған жағдайларда дұрыс әрекет етуге ,дербестікке және өзінің жүріс тұрысы үшін жауапкершілікке тәрбиелеу.

Балаларға жолда өзін -өзі дұрыс ұстай білуді ерте жастан бастап оқытқан тиімді. Кішкентай сәбиді алғашқы қадам баса бастағаннан бастап жолда жүру ережелеріне үйрете бастаған абзал. Балалар үлкен жолға шыққанда ғана емес,үйлердің арасында жылдам жүріп келе жатқан машина болуы мүмкін екенін есепке алмайды, аулада қауіпті сезінбейді.

Сондықтан, кішкентай балаларды жолда жүру ережелерімен таныстырып, әрқайсымыз кішкентай балаға үлгі көрсету керекпіз. Жолда жүру ережелерін білу аз, күнделікті өмірде сол үлгіні орындауға дағдыландыру керек. Балаларға жол жүру ережелері білімін беруде бар қолжетімді әдіс тәсілдерді қолдану қажет.

Мектеп жасына дейінгі балаларға жан-жақты тәрбие беру, айналадағы қоршаған ортадағы қауіп төндіретін заттар туралы мағлұмат беру өзекті мәселелердің бірі болып отыр .Балалардың кішкентай кезінен бастап бойларына не болатыны, болмайтыны туралы сіңіріп отырса, келешек қауіп-қатерлерден сақ болуға болатыны туралы үйренеді. Осының барлығын ескере отырып,қауіпті заттар ұстауға, бөгде адамдарға бармауға, сіріңке, техникалық бұйымдарымен ойнауға болмайтыны туралы «Қауіпсіздік әліппесі» бағдарламасы құрылды.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі баланың өмір қауіпсіздігін сақтау дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға қауіпсіз жол тәртіп ережелері туралы бастапқы мағлұмат беру;
2. Балалардың көшедегі, қоғамдық көліктегі мәдени дағдыларын дамыту;
3. Балаларды қоршаған ортаны тануға бейімдеу.
4. Қоршаған ортадағы төнетін қауіп-қатерден сақ болуға, балаларға ұғындыру жеңілден, ауырға қарай таныстырылады.
5. Үлкендердің айтқандарын орындауға, сақ, абай болуға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

- Топта, балабақшада, үйде, көшеде, қоғамдық орындарда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйренеді.
- Жолда жүре білу ережелерін үйренуге қызығушылықтары артады.
- Жұқпалы аурулар туралы түсінігі кеңейтеді.
- Көше жағдайындағы кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын игеру;
- Жауапкершілік дағдыларын меңгереді;
- Жолда жүру ережесін сақтауға және өмірде қолдана білуді игеру,
- Өрт қаупі орын алған жағдайда ұрыс әрекет жасауды біледі;
- Оттың пайдасы және зияны туралы түсініктерді игереді;
- Алған мағлұматты түсініп,оны байланыстырып , айта білуді меңгеру;

Білуі керек: Үлкендерге құрмет көрсетуді, достары мен туыстарына шамасына қарай көмек көрсету және қамқор бола білу. Ойындар барсынада балалар өздерінің құрбы-құрдастырмен жағамды қарым-қатынас жасай білу.

Игеру керек: Ұқыптылық, еңбексүйгіштік, мейірімділік т.б. рухани-адамгершілік нормаларын игеру. Жақсы мен жаман, әділдік пен әділетсіздік, жомарттық пен сараңдық әрекеттерін ажырата алуды игеру.

Меңгеру керек: Өзіне-өзі қызмет студің бастапқы дағдыларын меңгеру. Қоршаған ортаға қамқорлық танытуды, қоғамдық орындардағы жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді сақтай білуді меңгеру.

Бағдарламаға қатысушы топ: ортаңғы «Ботақан» тобы

Бағдарламаның жүзеге асыру мерзімі: 1 жыл

Бағдарламаға қатысушылар жасы: 4-5 жас

Бағдарламаға қатысушылар саны: 25 бала

Күнтізбелік жоспар

№	Ай аттар ы	Тақырыбы	Мақсаты	Әдіс -тәсілдері	Саға т саны	Уақы ты
«Көшедегі қауіпсіздік»						
1	Қыр күйек	«Көшеде сақ болайық!»	Көшеде танамайтын адам шақырса көлігіне мінбеуге,оның қауіпті екендігін түсіндіру.	Әңгіме жүргізу. Видео ролик көрсету.	2	
2		«Бөгде адамнан сақтан»	Балабақшадан алып кетуге бөгде адам келсе бармауға,конфет,тәтті заттар ұсынса алмауға үйрету.Сақ болуға тәрбиелеу.	Әңгіме жүргізу. Ойын арқылы нақтылау. Эксперимент жүргізіп, бейнеролик түсіру	2	
3		«Көшеде жүре білейік»	Балаларға бағдаршам туралы түсінік беру.Машина,көлік Жүретін жерлермен жүруге болмайтыны туралы мағлұмат беру.	Әңгіме жүргізу.Көшеге шығып түсіндіру.	2	
4		«Біз жолаушы-лармыз»	Ойын сабақ: «Хромтау көшесінде» Көше көріністері туралы түсініктерін қалыптастыру.	Ойын сабақ. Сұрақ-жауап.	1	
«Үйдегі қауіпсіздік»						
5	Қазан	Есікке абай бол.	Бала үйде жалғыз қалған жағдайда,есікті ешкімге ашпау жөнінде кеңес беру,ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Әңгіме жүргізу.Балалармен видеоролик түсіру.	2	
6		«Үйге-бөгде адам келгенде»	Үйге бөгде адам келгенде ашылып ештеңе айтпауға,бөгде танымайтын адамға сенбеуге үйрету.	Әңгіме жүргізу.Ата анаға тапсырма .	2	
«Қауіпсіз заттардан абай болайық»						
7	Қараша	«Балкон-қауіпті жер»	Кішкентай балаларға балконға мінуге болмайтыны туралы түсінік беру.Балкон бала өміріне қауіпті екені туралы мағлұмат беру. Әрдайым абай болуға тәрбиелеу.	Әңгіме жүргізу.Ойын ойнау арқылы көрсету.	2	

8		«Ұшты заттан-аулақ бол»	Балаларды ұшты заттар,яғни (шеге,қайышы,біз,кілт,қарындашт.б.) ұстамауға,көзге қарай нұсқамауға үйрету.Сақтыққа,әрдайым ұқыпты болуға тәрбиелеу.	Сурет бойынша әңгіме. Сурет салғызу.	2	
«Қауіпті жерлерде»						
9	Жел тоқ сан	«Қараңғы жер-қауіпті»	Қараңғы түскен кезде ата-анасыз жүруге болмайтыны туралы түсінік беру.Қауіпсіздік ережесін сақтауға тәрбиелеу.	Сурет бойынша әңгіме. Ойын ойнату.	2	
10		«Себепсіз басқа пәтерге кірме»	Балаларға танымайтын пәтерге себепсіз кіруге болмайтыны туралы түсінік беру.	Әңгімелесу. Видеоролик көрсету.	2	
11		«Ойнайық-аман болайық»	Ауладағы,көшедегі,ойнауға қауіпті жерлерге бармау керектігі туралы айту.Үнемі үлкендер бақылауында болу керектігі туралы түсінік беру.	Кіріспе әңгіме. Серуен кезіндегі саяхат.	2	
«Қарым –қатынас кезіндегі қауіпсіздікті сақтайық»						
12	Ақпан	«Досыңмен тату бол»	Топта балалармен ойнаған кезде,қолдарындағы ұшты затпен ұрып жібермеуге,ол қаншалықты қауіпті екендігі туралы әңгімелесу.	Сурет бойынша әңгіме. Сұрақ-жауап.	2	
«Адам өміріне қатысты заттар»						
13	Н А У Р Ы З	«-Ұсақ түйектен аулақ бол»	Ұсақ түйек заттар (ілгек,конструктор,т.б.) ауызға, Мұрынға салмауға,қауіпті екендігі туралы мағлұмат беру.	Әңгіме жүргізу.	2	
		«Су да-тілсіз жау»	Үлкендер көмегінсіз суға шомылуға баруға болмайтыны туралы түсінік беру.	Тәрбиеші әңгімесі. Сурет бойынша әңгіме.	1	
		Дәрі-дәрімекті	Үлкендердің нұсқауынсыз дәрілерді және басқа да	Кіріспе әңгіме. Дәріханаға саяхат.	1	

		орынсыз алмайық.	қауіпті заттарды ұстамау жайында дұрыс пікірді қалыптастыру.	Альбомдар қарау.		
«Өрттен сақ болайық»						
	С Ө У І Р	«Сіріңкеден аулақ болайық».	Сіріңке мен оттықпен ойнамау,ол адамға зиян келтіретінін түсіндіру.Қауіпті құрал екендігін айту.	Әңгіме жүргізу. Сурет салу.	2	
		«Өрт тілсіз-жау»	Өрт болған жағдайда өз- өзін қалай ұстау керектігін түсіндіру,еденге жатып енбектеу керектігін айту.	Тәрбиеші әңгімесі. Ойын арқылы көрсету.	2	
		«Тұрмысты қ техникалық зияны»	Балаларды теледидар,үтікт.б. техникалық заттарға жоламауға үйрету.Сақтыққа тәрбиелеу.	Әңгіме жүргізу. Буклет жасау.	2	
		«Қауіптің бәрі- розетка»	Розеткаға жақындамау,қандай да бір ұшты затты тығуға болмайтыны туралы айту.-	Тәрбиеші әңгімесі. Сурет бойынша әңгіме.	2	
		"Біздің көрме"	Өткенді қорытындылау.	Бұрыш жабдықтау.	1	
Барлығы: 36 сағат						

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Берикханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Оқу құралы. - Алматы, 2009.-240 б.
2. Введение в педагогическую профессию: Учебное пособие для студентов пед. специальностей. /Хан Н.Н., Калиева С.И., Жексенбаева У.Б., Колумбаева Ш.Ж., Калиева Г.И., Берикханова А.Е./ - Алматы, 2010. - 243 с.
3. ҚР «Білім туралы» заңы // Егемен Қазақстан, 27 шілде, 2007 ж.
4. Мамандыққа кіріспе. Рувинский Л.Н. Алматы. 1991ж.
5. Мищериков В.А., Введение в педагогическую деятельность. -М., 2005.
6. В.С. Кукушин. Введение в педагогическую деятельность. Ростов-на-дону. - 2010. - 255 с.
7. Садыков Т.С. и др. О разработке ведущих идей в профессиональной подготовке будущего специалиста // Вестник АГУ им. Абая. №5(5), 2001. - С. 21-25.
8. Лапина О.А. Введение в педагогическую специальность: Учеб. Пособие для вузов/ О.А.Лапина, Н.Н.Пядушкина. - М.: Академия, 2008.

Қосымша әдебиеттер

1. Батурина Г.И., Кузина Т.Ф. Введение в педагогическую профессию. - М., 1999.
2. Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе профобразования. - М., 1990.
3. Иванова Н.Д., Берикханова А.Е. Культура умственного труда - залог успешной компетентностной подготовки будущих специалистов. - Алматы, 2008. - 78 с.
4. Вершловский С.Г. Учитель о себе и о профессии. - Л., 1988.
5. Мудрик А.В. Учитель: Мастерство и вдохновение. - М., 1986.
6. Шакуров Р.Х. Творческий рост педагога. - М., 1995.
7. Загвязинский В.И. Педагогическое творчество учителя. -М.: Педагогика, 1987.
8. Березин Н.А. Проблемы педагогического общения. М. 1989г.
9. Шнибекова Э.А., Урунбасарова Э. Педагогическая этика. Алматы. 1988г.
10. Мищенко А.И. Введение в педагогическую профессию. - Новосибирск, 1991.
11. Құдайқұлов С.М., Құдайқұлов М.Ә. Творчестволық және бәсекелестік қабілеттілік. Алматы, «Школа XXI века», 2006. -82 б.
12. Коджаспирова И.П. Педагогика. Ростов-на-Дону. 2003. 152с. 13. Ермек Өтетілеуұлы «Әдептілік- әдемілік» Алматы кітап баспасы 2012

**«Бекітемін»
№ 9 «Жұлдыз-ай» бөбекжай- балабақшасының**

басшы м.а:

_____ **С.С.Баймагамбетова**

**2024-2025 оқу жылына арналған ортаңғы
«Ботақан» тобының
«Қауіпсіздік әліппесі» атты адаптивтік
бағдарламасы**